



**ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМ ӨНДІРУ**

**ПРОИЗВОДСТВО ЭКОЛОГИЧЕСКИ ЧИСТОЙ ПРОДУКЦИИ  
В КАЗАХСТАНЕ**

**PRODUCTION OF ENVIRONMENTALLY FRIENDLY PRODUCTS  
IN KAZAKHSTAN**

**Р.Т. ДУЛАМБАЕВА**

экономика ғылымдарының докторы, профессор

**М.А. САМЕТЕЕВА**

ОҚЫТУШЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

---

Аңдатпа. Қазақстан экономикасы үшін экологиялық таза өнім өндірудің маңыздылығы қарастырылған. Елдің әлеуеті және органикалық егіншілік болашағы көрсетілген. Экологиялық таза өнім мен экологиялық бизнестің анықтамалары берілген. Экологиялық өнімдерді анықтаудың, стандартқа сәйкес емес өнімдерді тұтынудың әлеуметтік-экономикалық салдарлары келтірілген. Экологиялық таза азық-түлік өндіруге кедергі келтіріп отырған себептер көрсетілген.

Аннотация. Рассмотрена важность производства экологически чистой продукции для экономики Казахстана. Показаны потенциал страны и перспективы органического земледелия. Даны определения экологически чистого продукта и экологического бизнеса. Выявлены проблемы и пути развития рынка эко-продукции. Приведены международные стандарты определения экологических продуктов, социально-экономические последствия потребления несоответствующей стандартам продукции. Показаны причины, тормозящие развитие производства экологически чистого продовольствия.

Abstract. The paper highlights the importance of environmentally friendly products for the economy of Kazakhstan. The potential of the country and prospects for organic farming have been presented. The definitions of eco-friendly products and environmental business have been done. The problems and ways of development of eco-product market have been identified. International standards of identification of environmental products, socio-economic consequences of consumption of products which don't meet standards have been presented. The reasons hindering the development of production of environmentally friendly products have been shown.

---

Тұтқалы сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, экологиялық таза өнім, азық-түлік қауіпсіздігі, экологиялық бизнес, экологиялық таза өнім стандарттары.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, экологически чистый продукт, продовольственная безопасность, экологический бизнес, стандарты экологически чистых продуктов.

Keywords: agriindustrial complex, eco-friendly product, food security, environmental business, standards for environmentally friendly products.

---

Ауыл шаруашылығында ғылыми-техникалық прогреске қол жеткізу, жаңа ресурс, өсімдік шаруашылығында генетикалық модификацияланған материалын құру және мал шаруашылығында соңғы өнімнің сипатын өз-

герту мүмкіндігі – тұтынушылардың экологиялық таза өнімге деген оң көзқарасын қалыптастыруға, әлемдік азық-түлік саудасының жеке секторының пайда болуына ықпал етті. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өнімдерін



экологиялық таза өндіру және өнімдердің барлық түріне экологиялық сараптама жасау – тек біздің мемлекетіміз үшін ғана емес, дүниежүзіндегі барлық мемлекеттердің алдында тұрған өзекті мәселе.

Қазіргі кезде органикалық өнім өндіру әлемде қарқынды дамып келеді. Сарапшылардың есебінше, экологиялық таза өнімнің әлемдік нарығы бүгінгі күні жылына \$45 млрд. долл., осы онжылдықта органикалық өнім көлемі дүниежүзі бойынша 250 млрд. Долларға немесе қазіргі уақытпен салыстырғанда 14 есеге өседі деп күтілуде. Бұл өнімді ең көп өндіріп, тұтынатын Еуропалық Одақ, АҚШ пен Канада секілді елдер болып отыр.

Қазіргі кезде үлкен өзгерістер Оңтүстік Американың біраз елдерінде, Африка елдерінде, Қытай, Үндістан мен Индонезияда байқалып отыр.

Сапалы тамақ өнімдерін өндіру – нарықтық шаруашылықтың кезек күттірмейтін элементі болып табылады. Ол шаруашылық салалары мен халықтың қажеттілігін қанағаттандырудағы экономикалық қатынастардың негізін құрайды. Сондықтан тамақ өнімдері мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін, тамақ өнімдерін тұтыну сұранысын қамтамасыз етеді. Экологиялық таза тамақ өнімі дегеніміз – адам денсаулығына өмір бойы зиянын тигізбейтін, болашағына кері әсер етпейтін өнім. Оның құрамында әр түрлі уытты заттардың, агрохимикаттардың, ауыр металдар мен радионуклидтердің болмауы тиіс.

Экологиялық таза өнімді өндірілуіне байланысты келесідей бөлуге болады:

1. Экологиялық таза өнім – бұл құрамында зиянды заттар дәстүрлі өнімдерге қарағанда аз (рұқсат берілетін шекті шамадан аспайтын), сапасы бойынша нормативті құжаттарға сәйкес өнімдер;

2. Экологиялық таза өнім – экологиялық таза аумақта, қосымша минералды тыңайтқыштарсыз, қалдықсыз немесе аз қалдықты технологиялар көмегімен табиғи шикізаттан алынған өнім [1].

Экологиялық таза тамақ өнімі өндірісін дамытудың алғы шарттарының бірі – экологиялық таза өсімдік және мал шаруашылығы өнімін өндіру, ол дегеніміз – химиялық, синтетикалық заттарды қолданудан, сондай-ақ азық-түлікті қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау процесіндегі әртүрлі қоспалардың болуына жол бермеу.

Халықаралық тәжірибеде экологиялық қауіпсіз (органикалық) өнімді ажыратудың критерийлері бар. Олар:

- құрамында генетикалық модификацияланған ингредиенттер жоқ.
- пестицидтер, гербицидтер, улы химикаттар мен жасанды тыңайтқыштарды қолданғанда пайда болатын ингредиенттер болмау керек.

- жасанды консерванттар мен бояулар, дәмдеуіштер болмауы керек.

- өнімдер қорабында арнайы лицензияланған белгілер болуы қажет.

Бүгінде мұндай бірнеше белгілер бар: Эко-, Био-, Органик – мұның барлығы экологиялық (немесе органикалық) стандарттарға сәйкес өндірілген, жиналған, өңделген өнім дегенді білдіреді. Англияда – Organic, Германияда, Францияда – Bio, Голландияда – Eco т.б. таңбалар қолданылады.

Бүгінде әлемде 250-ден аса экологиялық таза өнім белгілеулері бар. Солардың ішінде ең танымал таңбалар:

- американдық (National Organic Programm);
- жапондық (JASS);
- швейцарлық (Bioswiss);
- австралиялық стандарттар;
- Еуропалық одақ стандарттары.

Халықаралық деңгейде экологиялық таза өнім стандарттарын анықтау үшін ДСҰ жанында Сауда және қоршаған орта туралы Комитет (The WTO Committee on Trade and Environment, CTE) құрылған. Комитет ДСҰ шеңберінде қоршаған ортаны қорғау туралы келісімдерді үйлестірумен және өнімдерді «таңбалау» мәселерімен айналысады. Экологиялық маркілеу бір жағынан экологиялық таза өнімді өткізудің тиімді жолы болса, екінші жағынан тауар өндірушілердің бұл маркаларды негізсіз қолдануын тоқтатпауында болып отыр.

Стандарттар келесідей міндеттер атқарады:

- өндіруші-тұтынушы арақатынасындағы белгісіздікті жою. Себебі экологиялық белгілеулердің өте көп болуы тұтынушылардың барлық белгілерге деген сенімсіздігін тудырады;
- экологиялық көрсеткіштер жақсарту және өнімнің барлық кезеңінде (өндіру, тұтыну, қалдықтарды жою) қоршаған ортаға келетін зиян мөлшерін азайтады;
- экологиялық белгі өнімді экспорттау мен импорттауда бірден-бір бағалау объектісі болғандықтан халықаралық сауданың дамуына ықпал етеді;
- тұтынушыға қалағанын таңдауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, экологиялық белгілер мен декларациялар нақты, тексеру мүмкіндігі бар болуы керек. Екіншіден, экологиялық таңбаларды қойғанда әділетті критерийлер мен бағалау әдістерін қолдану керек және қайтара талдау жасау мүмкіндігі болуы тиіс. Ең соңғысы экологиялық таңбалауда қолданылған ақпарат мүдделі тараптарға қол жетімді болуы керек.

Экологиялық таза өнім өндіру үшін табиғи ортаның сапасын жақсарту, ластануға жол бермеу шаралары қатар жүргізілуі керек. Ол үшін өндіріске жаңа экологиялық таза технологияны енгізу қажеттілігі туып отыр. Осы-

## Рынок продовольственной продукции



ның барлығы бүгінгі күні барлық адам-заттың мойындап отырған экологиялық мар-кетинг жүйесін іске қосуды талап етеді. Экологиялық маркетинг – табиғат ресурстарын

тиімді пайдаланудың барлық жаңа технологиясын сақтай отырып, экологиялық таза өнім өндіруді жүзеге асыратын экологиялық бизнес жолы (сурет).



Сурет. Экологиялық бизнес жүйесінің құрылымы [2].

Қазақстанда экологиялық таза өнімдер нарығы енді қалыптасып жатыр. Бұл жалпы ТМД елдерінде енді қолға алынып отырған мәселе.

Елімізде экологиялық таза өнім өндірісі негізгі екі заңмен реттеледі: «Органикалық өнім өндіру туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндіру және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл Заңдарда экологиялық таза өнім өндірісін реттеудің базалық негіздері қарастырылған.

Қазақстандық экологиялық таза тағамдар нарығын қарастырғанда ішкі және сыртқы нарықтар деп бөліп қарастырған дұрыс. ҚР ішкі нарығында экологиялық таза тағамдар импортқа негізделген, ал азын-аулақ отандық

өндірушілер өз тауарларын экспортқа шығаруға әрекет етеді.

Экологиялық таза тамақ өнімі өндірісін дамытудың басты шарты – осы салаға қатысты тиімді заңның болуы, яғни өнімнің экологиялық тазалығының нормативті көрсеткішін, халықаралық стандарттау және сертификаттау механизмдерін, өнімді таң-балау принциптерін сақтау.

Қазақстанда экологиялық таза азық-түлік тауарлар нарығын қалыптастырып, дамыту үшін аталмыш азық-түлік өнімін өндірушілер мен тұтынушыларды қандай механизм мен басқару құралы көмегімен ынталандыруға болатынын айқындап алу қажет, сондай-ақ экологиялық таза өнім өндірудің шарттары мен әлеуметтік – экологиялық – экономикалық тұрғыдан алғандағы нәтижесін анықтау керек [3].

Экологиялық таза тамақ өнімін өндіруге көшудегі кәсіпкерлік құрылымдардың қызығушылығы, былайша айтқанда экологиялық «таза емес» өнімді өндірумен салыстырғанда



экономикалық пайданың молдығымен айқындалады. Қазақстанның халықаралық стандарттарға сәйкестігін сақтау және әлемдік экологиялық таза тағамдар нарығындағы бәсекелестікке шыдау мүмкіндігі айтарлықтай жоғары. Оның келесідей себептерін атап өтуге болады:

- кейбір қазақстандық дақылдар Еуропа елдерінде аз өсіріледі немесе мүлде өспейді. Ал елімізде өсетін кейбір жидектердің, дәрілік шөптердің, саңырауқұлақтардың әлемде аналогы жоқ. Эксперттердің бағалауы бойынша Қазақстан өсімдік шаруашылығында, дақылдар өсіруде және техникалық дақылдарды өсіруде, экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіруде бәсекеге қабілетті.

- қазақстандық өнімдерге мемлекеттік стандарттардың қаталдығы. Елімізде қолданылатын минералды және органикалық тыңайтқыштар мөлшері дамыған елдерде қолданылатын мөлшерден әлдеқайда аз. Мысалы, АҚШ-тан 11 есе, ал Қытайдан 23 есе аз. Сонымен қатар, елімізде егістік алқаптарындағы зиянкестер мен аурулардан қорғайтын химиялық дәрілер де ауылшаруашылығы дамыған едермен салыстырғанда азырақ қолданылады. Сол себепті, отандық азық – түлік, импортталған азық-түлікке қарағанда экологиялық таза.

- Қазақстанда жер қоры өте үлкен. Экожүйелердің тұрақтылығы территория үлкендігі мен биологиялық түрлердің әртүрлілігімен анықталады. Территория неғұрлым үлкен болған сайын флора мен фауна да әртүрлі, сол себепті антропогенді және техногенді факторларға төзімді.

Бүгінгі таңда экологиялық таза өнімдерді өндірудің басты кедергілері келесілер болып отыр:

1. экологиялық таза өнім өндіру жобаларының қымбаттығы. Соның ішінде сертификатталған тыңайтқыштарды себуге, жерді өңдеуге, тамшылатып суғаруға арналған техниканың қымбаттығы басты кедергі болып отыр. Заманауи техникаларды сатып алуға көпшілік диқандардың шамасы келмейді. Бұл технологияларды енгізудің қаржылық шығындары дөңді дақылдылардың 1 гектарына 30 000 тг – 150 000 тг. көлемінде болса, жемістердің 1 гектарына 500 000 – 1000 000тг. Әрине бұл шығындарды кішігірім АШТӨ көтере алмайды. Мұндай өндіріс тиімді болып есептеледі, бірақ өнімнің өзіндік құны да жоғарылайды. Біздің елімізде дайын өнімнің өтпей қалу тәуекелі де шаруалардың мойнында жатқандықтан өнімнің өзіндік құнының көтерілуі шаруаларға тиімді емес;

2. сертификатталған жерлердің болмауы. ҚР барлық жерлердің 0,003% ғана сертификатталған. Ауыл шаруашылығы жерлерін сертификаттауға кемінде 4 жыл керек екен. Топырақтың химиялық құрамы талап-

тарға сәйкес болмай, егістік алқаптарында егілген дақылдар дұрыс жазылмаған жағдайда бұдан да көп уақыт кетуі мүмкін.

3. экологиялық таза өнімді өндіру ұзақтығына байланысты уақыт шығындарының өсуі. Мысалы экологиялық таза бидай өсіру үшін 2 жыл , ал балапан өсіру үшін 6 ай қажет. Бұл жай өндіріс ұзақтығынан 2 есе көп;

4. өндірілген экологиялық таза өнім көлемі аз болғандықтан оның органикалық емес өніммен араласып кету қаупі [4].

Бірақ, Қазақстанда экологиялық таза өнім өндірісін тежеп отырған басты фактор - экологиялық таза өнімге қатысты мемлекеттік стандарттардың болмауы. Біздің елімізде де халықаралық нұсқаларға сәйкес экологиялық таза өнімдерді стандарттау мен сертификаттауды жүргізу қажет. «Экологиялық таза өнім» түсінігі де әлі дұрыс қалыптаспаған. Бүгінгі таңда органикалық өнім, биоөнім түсініктері бар. «Халал» маркасын да осы биоөнім маркасына жатқызуға болады. Экологиялық таза өнімнің нақты атауы болмағандықтан тұтынушылар арасында сенімсіздік туындап отыр.

Кедендік одақта әрекет етіп, ДСҰ мүшесі болуға дайындалып жатқан бүгінгі таңда экологиялық таза өнімді сертификаттау өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанның Кедендік одақта экологиялық таза ет пен бидай өндіруші ел ретінде бәсекелік артықшылығы болуы мүмкін. Ол үшін елімізде сәйкестік белгісімен сертификатталған экологиялық таза өнімдер нарығын құру қажет.

Экологиялық таза тамақ өнімін тұтынудың әлеуметтік салдары да бар. Бұл – ең алдымен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын көрсеткіштер болып табылады. Мысалы:

– халықтың экологиялық аурулармен ауру деңгейі (тыныс алу жолдары, асқазан, генетикалық өзгерістер, иммундық жүйесі т.с.с.).

– халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы.

– сәбилер және балалар өлімінің деңгейі.

Адам денсаулығына зиянды заттардың 3/4 бөлігі адам ағзасына тұтынатын азық арқылы түседі екен. Антибиотиктер, мал азығында қолданылатын өсу гармондары, гербицидтер мен пестицидтер адам ағзасын аллергиядан бастап онкологиялық сипаттағы түрлі ауруларға шалдықтырады.

ДСҰ-ның мәліметтері бойынша жыл сайын дүниежүзінде шамамен 500 мың адам пестицидтермен уланады және оның 5 мыңы өліммен аяқталады. Мұндай құбылыстар әдетте «үшінші әлем» елдерінде жиі кездеседі. АҚШ-пен салыстырғанда бұл елдерде улану 13 есе артық. Американдық ғалымдарының мәліметтері бойынша барлық қатерлі ісік ауруларының 90%-ы қоршаған ортаның қолайсыз әсеріне байланысты.

Ағзаларға қолайсыз әсер ететін және ауруларға әкеліп соқтыратын заттарды төмендегідей топтарға бөліп көрсетуге болады:

1. канцерогендер (латын тілінен аударғанда *cancer* - рак, генезис - шығу тегі) қатерлі ісіктер туғызады. Қазіргі уақытта шамамен 500 канцерогенді заттардың түрлері белгілі. Олардың ішіндегі ең күштілеріне бенз(а)пирен және т.б. полициклді ароматтық көмірсулар, ультракүлгін сәулелер, радиоактивті изотоптар, энксидті смолалар, нитриттер, нитрозаминдер, асбест және т.б. жатады;

2. мутагендер (латын тілінен аударғанда *mutatio* - өзгеру) – хромосомалар саны мен құрылымының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Оларға: рентген сәулелері, гамма-сәулелер, нейтрондар, бенз(а)пирен, колхицин, кейбір вирустар және т.б. жатады;

3. тератогендер (грек тілінен аударғанда *teras, teralos* - құбыжық) - жеке дамуда кемістіктерге, кемтарлықтардың пайда болуына әкелетін заттар. Тератогендерге әсер ететін мөлшерінен артып кететін кез келген фактор жатады. Көбінесе тератогендерге мутагендер, сондай-ақ пестицидтер, тыңайтқыштар, шу және т.б. ластаушылар жатады [5].

Экологиялық таза өнімді пайдаланудың әсерінен аурудың азаюының экономикалық сипаты да бар:

1. халықтың денсаулығын жақсартуға (емделу, дәрі – дәрмекке кететін шығынды азайту) кететін шығындар, өндірушінің шығындары (әлеуметтік сақтандыру қорынан әр түрлі төлемдердің азаюы), мемлекет шығындары (әртүрлі емдеу-сауықтыру мекемелеріне, мүгедектік зейнет ақы төлемдерінің азаюы) азаяды.

2. дені сау адам өзінің еңбекке қабілеттілігімен ерекшеленеді, іскерлік белсенділігі артады, мұның бәрі өз кезегінде өнеркәсіпке, мемлекетке де, қызметкердің өзіне де тиімді. Сондықтан елімізде экологиялық таза тамақ өнімдері өндірісін дамыту мен тұтынудың маңызы зор.

Қорыта айтқанда экологиялық таза өнімді өндіру мен тұтыну қоршаған ортаның сапасын жақсартып қана қоймай, халықтың ауру денгейін төмендетеді, яғни өмір сүру сапасын, ұлттың жағдайын жақсартады.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1 Акимова Г.А., Хаскин В.В. Экология. Человек – Биота – Среда: учеб. – М.: ЮНИТИ, 2000.

2 Бейсенова Ә.С., Самақова А., Есполов Т., Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты тиімді пайдалану: Оқулық. – Алматы: Ғылым, 2004. – 325 б.

3 Никитина Г.А. Қазақстан Республикасының азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету проблемалары мен жолдары //Аграрлық нарық проблемалары.- 2016.- №1.- Б.16.

4 Әкімбекова Ш.Ү., Жұмашева С.Т. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен Алматы облысының фермерлік шаруашылықтарының органикалық өнім өндіруі //Аграрлық нарық проблемалары.- 2015.- №3.- Б. 99.

5 Асқарова Г.Ш., Кенжеева Ж.С. Адам денсаулығы және оған әсер ететін әлеуметтік-экологиялық факторлар, «Жас ғалым», Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дің 75 жылдық мерейтойына арналған жас ғалымдар конференциясы еңбектер жинағы, 2012, 21 мамыр. - Б.7

### *Pajdalanylған әdebiетter tizimi*

1 Akimova G.A., Haskin V.V. Jekologija. Chelovek – Biota – Sreda: ucheb. – M.: JuNITI, 2000.

2 Bejsenova Ә.S., Samaқova A., Espolov T., Shildebaev Zh. Jekologija zhәne tabiratty tiimdi pajdalanu: Oқulyқ. – Almaty: Fylym, 2004. – 325 b.

3 Nikitina G.A. Қазақстан Respublikasynуң azyқ-tylik tәuelsizdigin қamatamasыз etu problemalary men zholdary //Agrarлық naryқ problemalary.- 2016.- №1.- B.16.

4 Әkimbekova Sh.Ү., Zhұmasheva S.T. Қазақстан Respublikasynуң ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен Almaty oblysynуң fermerlik шаруашылықтарынуң organikalық өнім өndirui //Agrarлық naryқ problemalary.- 2015.-№3.-B. 99.

5 Asқarova G.Sh., Kenzheeva Zh.S. Adam densaulyғы zhәne oған әser etetin әleumettik-jekologijalyқ faktorlar, «Zhas ғalым», Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дің 75 zhyldық merejtojyna arналған zhas ғalымдар konferencijasy еңбекter zhinaғы, 2012, 21 мамыр. - B.7.